

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОҚУ АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
Ы.АЛТЫНСАРИН АТЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БІЛІМ АКАДЕМИЯСЫ**



**АБАЙ ҰЛТТЫҚ МЕКТЕБІН ДАМУДЫҢ
ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІН ӘЗІРЛЕУ**

Астана, 2025

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Ғылыми-әдістемелік кеңесі шешімімен ұсынылды (2025 жылғы 6 наурыздағы №1 хаттама).

Абай ұлттық мектебін дамытудың тұжырымдамалық негіздерін әзірлеу. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2025. – 32 б.

Абай ұлттық мектебін дамытудың тұжырымдамалық негіздері әлемдік деңгейдегі білім беру ұйымын құруға бағытталған. Бұл мектеп интеллектуалды, ұлттық санасы жоғары және жаһандық бәсекеге қабілетті көшбасшыларды қалыптастыруды мақсат етеді. Тұжырымдама мектеп моделінің ерекшеліктерін, оқу процесінің құрылымын, түлектер моделін, тәрбие жүйесін, сондай-ақ білім алушыларды, педагогтерді және әкімшілік персоналды іріктеудің негізгі қағидалары мен тетіктерін сипаттайды. Мектептің бағыты, миссиясы және мақсат-міндеттері айқындалды.

© Ы. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2025

Кіріспе

XXI ғасыр – ақпараттың күрт өсуі мен технологиялық серпіліс дәуірі. Қазіргі мектептің басты міндеті – білім алушыларды тек академиялық біліммен қаруландырып қана қоймай, өмірлік маңызы бар сұрақтарға жауап іздей алатын, жауапкершілігі жоғары, адами және зияткерлік әлеуеті үйлескен тұлға ретінде қалыптастыру. Осы мақсатта елімізде жаңа форматтағы – Абай ұлттық мектебі құрылып отыр.

Абай ұлттық мектебі – білім мен тәрбиені тұтас қарастыратын, қазақы (ұлттық) болмыс пен заманауи талапты ұштастырған, көшбасшылық дағдыларды меңгерген, еліне адал қызмет етіп, пайдалы болуға ұмтылатын көптілді, білімді тұлғаны дамытуға бағытталған инновациялық білім кеңістігі.

Мектеп философиясының өзегіне Абай Құнанбайұлының «Толық адам» ілімімен сабақтасады. Бұл ілім XX ғасыр басындағы ұлт зиялылары – Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов сынды ағартушылардың дүниетанымына терең ықпал етіп, қазақ қоғамындағы рухани жаңғыру мен интеллектуалдық серпілістің өзегіне айналды.

Абай ұлттық мектебі осы тарихи сабақтастықты жаңғырта отырып, қазіргі заман талаптарына сай парасатты, терең білімді, шығармашыл әрі жауапты азаматты тәрбиелеуді көздейді.

Мектептің білім беру бағдарламасын әзірлеуде халықаралық және ұлттық тәжірибе жан-жақты зерттеліп, мазмұндық құрылымы сол тәжірибелермен үйлестірілді. Атап айтқанда:

100 жылдан астам тарихы бар, Ұлыбританияның саяси және мәдени элитасын тәрбиелеген Eton College, Harrow School, Gordonstoun мектептерінің тұжырымдамасы мен түлек моделі;

АҚШ-тағы Phillips Academy сынды алдыңғы қатарлы мектептердің тәрбие және даму үлгілері;

Финляндия, Канада, Сингапур елдерінің орта білім сапасын басқарудағы PISA, PIRLS, TIMSS халықаралық зерттеулеріндегі үздік тәжірибелері;

Қазақстандағы Назарбаев Зияткерлік мектептері, Білім-инновация лицейлері, РФМШ сынды білім беру ұйымдарының тәжірибелері ескерілді.

Бұл Абай ұлттық мектебінің құрылымын сапалы жобалауға, мазмұнын заманауи талапқа сай байытуға және тәрбиелеу мен оқытудың өзара біртұтастығын қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Абай ұлттық мектебі – өткеннің рухани тереңдігін, қазіргі заманның білімдік талаптарын және болашақтың көшбасшылық әлеуетін тоғыстырған ұлттық мектеп үлгісі.

1 АБАЙ ҰЛТТЫҚ МЕКТЕБІН ДАМУДЫҢ ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1-бөлім. Абай ұлттық мектебінің тарихи даму кезеңдері

1957 жылы республика көлемінде ауыл балаларына арналған мектеп-интернат болып ашылған.

Бұдан соң Ы. Алтынсарин атындағы Педагогикалық ғылыми-зерттеулер институтының эксперименттік базасы ретінде 1988 жылдың тамызына дейін жұмыс істеді.

1988-1989 оқу жылынан бастап, Қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын орта мектеп-интернат ретінде жұмысын жалғастырды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 19 қазанда қабылдаған №1754 «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің мәселелері» қаулысына сай қайта құрылып, 2003 жылғы 1 тамыздағы №774 қаулысының негізінде «Республикалық мамандандырылған дарынды балаларға арналған қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын орта мектеп-интернаты» болып аты өзгертілді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 31 мамырындағы №480 қаулысымен Абай есімі беріліп, «Абай атындағы Республикалық мамандандырылған дарынды балаларға арналған қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын орта мектеп-интернаты» мемлекеттік мекемесі болды.

2020 жылдан гуманитарлық бағыттағы Абай мектептері желісінің ресурстық орталығы ретінде қызмет етіп келеді.

2025 Республикалық ономастика комиссияның қорытындысына сәйкес Абай ұлттық мектебі деп өзгертілді.

2-бөлім. Абай ұлттық мектебінің миссиясы, пайымы, мақсаты

Мектептің миссиясы: Еліне адал, әлемге ашық, парасат пен білімді үйлестірген болашақ көшбасшыларды қалыптастыру

Мектептің пайымы: Отандық заманауи білім беру жүйесін қалыптастыру

Мақсаты: Интеллектуалдық әлеуеті жоғары, шығармашыл, сыни ойлайтын, эмоционалды жағынан дамыған және әлемдік өркениетпен тіл табыса алатын тұлғаны тәрбиелеу.

Міндеттері

- Қазақстанның интеллектуалды және мәдени элитасын қалыптастыру;
- ұлттық контекстті қамту негізінде оқу пәндерін тереңдетіп оқыту;
- жекелеп, саралап оқыту арқылы оқушылардың әлеуетін дамыту;
- белсенді азаматтық ұстаным мен көшбасшылықты қалыптастыру;
- отандық білім беру тәжірибесін заманауи халықаралық тәсілдермен ұштастыру.

3-бөлім. Абай ұлттық мектебінің түлегінің бейнесі

Абай ұлттық мектебінің түлек моделі мектептің миссиясына, пайымына және мақсатына, Абайдың даналық философиясына негізделіп әзірленген. Түлек моделі «Пайда ойлама, ар ойла, талап қыл артық білуге» қағидатын басшылыққа алады және «Бес нәрсеге асық бол, бес нәрседен қашық бол» өсиетінде көрініс тапқан құндылықтарға сүйенеді.

Түлек моделі – адалдық пен парасатты жоғары қоятын, терең білімге ұмтылатын, отаншыл әрі сыни ойлайтын, әлемдік өркениетпен тіл табысуға қабілетті, жасампаз тұлғаның бейнесін айқындайды.

Түлектің негізгі қасиеттері:

Отаншылдық – ұлттық мүддені жоғары қоя білетін, ел болашағына жауапкершілікпен қарайтын, әлемдік кеңістікпен үйлесімді байланыс орната алатын азамат.

Терең білімділік – жаңа идеяларды ғылыми тұрғыда негіздей алатын, алған білімін өмірлік тәжірибеде тиімді қолдана білетін, жан-жақты әрі көптілді тұлға.

Сыни және шығармашылық ойлау – түрлі ақпарат көздерін сараптап, сыни көзқараспен бағалай алатын, тың және креативті шешім қабылдауға қабілетті тұлға.

Эмоционалды интеллект – өзін-өзі терең танитын, өз эмоциясын басқаруға дағдыланған, өзгелердің сезімі мен көңіл-күйін түсіністікпен қабылдайтын тұлға.

Коммуникативтілік және ынтымақтастық – құрмет пен сенімге негізделген қарым-қатынас орната білетін, ортақ мақсаттағы жобаларда белсенділік танытатын, топпен нәтижелі жұмыс істей алатын, бейбіт өмір мен достықты жоғары бағалайтын тұлға.

Бұл модель түлектің білім мен тәрбиенің біртұтастығын сақтай отырып, ұлттық болмыс пен жаһандық құндылықтардың үйлесімінде қалыптасқан заманауи азаматтың бейнесін сипаттайды.

«Бес асыл іс» идеясы Абай ұлттық мектебінің түлегін қалыптастырудың іргелі құндылықтық негізі болып табылады. Бұл идея жас ұрпақты тәрбиелеудің келесі бағыттарын айқындайды:

1. **Талап:** білімге ұмтылу, өзін-өзі дамыту, жоғары мақсаттарға жету.

Талап – білімге ұмтылу мен үздіксіз даму. Ол – ізденудің бастапқы қадамы. Білім беру саласында талап білім алушыларға мақсатқа ұмтылуды, өз білімін жетілдіруді және жауапкершілікті қалыптастыруға көмектеседі. Осыған сәйкес, «Талапты оқушы», «Талапты ұлт», «Талапты әлем» оқу-тәрбие құрылымы жіктеледі. Яғни, білім алушы өзін-өзі танудан, өзіне сыни тұрғыдан қараудан бастап, ұлттық, одан кейін жаһанның бағыт-бағдарын, ұмтылысын зерделей алады.

2. **Еңбек:** еңбектің маңыздылығын түсіну, ол – жеке тұлғаның дамуы мен қоғамға қызмет етуінің негізгі құралы. Абай еңбекті адамдық қасиеттің басты көрсеткіші деп біледі. Қазіргі білім беру жүйесінде еңбекқорлықты

тәрбиелеу арқылы білім алушыларды практикалық дағдыларға үйрету, еңбек мәдениетін қалыптастыру маңызды. Осыған сәйкес, «Еңбекшіл оқушы», «Еңбекшіл ұлт», «Еңбекшіл әлем» оқу-тәрбие құрылымы жіктеледі. Оқушы алған білімін мектеп қабырғасында жүріп-ақ дамытып, түрлі ғылыми-практикалық жобалар жасауға, тіпті одан пайда табуға мүмкіндігі туады.

3. Терең ой: ойлану, талдау, қорытынды жасау қабілетін дамыту, даналық пен өмірді түсінудің негізі.

Терең ой – аналитикалық және сыни ойлауды дамыту. Білім беру барысында оқушылардың өз бетімен ой қорытып, шешім қабылдау қабілетін жетілдіру үшін терең ойлау мәдениетін қалыптастыру керек.

Осыған сәйкес, «Терең ойлайтын білім алушы», «Терең ойлайтын ұлт», «Терең ойлайтын әлем» оқу-тәрбие құрылымы жіктеледі.

4. Қанағат: өзінде барға разы болу және айналасындағы адамдармен үйлесімді өмір сүру қабілеті.

Қанағат – материалдық құндылықтарға емес, рухани байлыққа басымдық беру. Қазіргі білім беру жүйесінде білім алушылардың тұрақты, қанағатшыл болуын дамыту маңызды. Бұл орайда білім алушы ойын сан-саққа жүгіртпей, өз қарауымен таңдаған бір концептуалды бағытта ізденеді, өз бетінше білім алады, интеллектуалды әрі шығармашылық мүмкіндіктерін дамытады.

5. Рақым: білім арқылы рухани даму, басқа адамдарға мейірімділік, жанашырлық көрсету қабілеті.

Рақым – адамгершілік, мейірімділік, өзгеге қамқорлық жасау. Білім беру жүйесінде адамгершілік пен қамқоршылық ортасын қалыптастыру тұлғаның әлеуметтік жауапкершілігін арттырады, ұжыммен жұмыс істеуге және басқаларға көмектесуге бейімдейді. Аталған идея негізінде білім алушының педагогке құрметі, сәйкесінше педагогтың білім алушыға деген құрметі қарастырылады.

Бұл ізгі қасиеттер Абайдың адамгершілік мұрасының негізін құрайды және жас ұрпақты жаңа форматта тәрбиелеуде көмектеседі.

Білім беру процесін трансформациялауға арналған оқушының/түлектің жаңа портреті ұсынылады, ал оның даму бағыттары мынадай болады:

А. Көшбасшылық – қоғамдағы өзгерістерге тез бейімделуге қажетті қасиет. Көшбасшылықтың басты факторы – бастамашылдық, ол көшбасшыларға жаңа идеялар мен тәсілдерді қарастыруға мүмкіндік береді. Эксперимент жүргізу, қиын тапсырмаларды шешуге шығармашылық тұрғыдан қарау көшбасшылардың маңызды қабілеттерін қалыптастырады. Коммуникация мен жауапкершілік көшбасшылықта бір-бірімен байланысты және үнемі бір-бірін толықтырады, мақсаттарға жетудің табысты болуын және ынталандыратын жұмыс ортасын қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Ә. Жоғары академиялық стандарттар, олар оқушылар мен мектеп бітірушілеріне бәсекеге қабілетті болуға және заманауи өмірде қажетті терең пәндік білімдер, дағдылар мен шеберліктер арқылы сенім ұялатуға мүмкіндік береді. Бұл бағытты жүзеге асыру үшін бағалау критерийлері, жоғары

стандарттарға сай оқу ресурстары және оқытудың деңгейін және бәсекеге дайындықты анықтайтын тапсырмалар мен нәтижелер қажет.

Б. Жаңашылдық пен зерттеу, бұл әрбір оқушы/мектеп бітірушісінің даралығын көрсетуге мүмкіндік береді, өйткені олар мектептің, кез келген жоғары оқу орнының және елдің имиджін білдіретін болады. Көптеген болашақ кәсіби мамандардан терең біліммен қатар шығармашылық ойлау қабілетін, стандартты емес жолмен тапсырмаларды шешу және жаңа тәсілдер табу дағдыларын талап етеді. Жаңашылдық пен зерттеу дағдылары бітірушілерге еңбек нарығында сұранысқа ие болуға көмектеседі. Оқушылар зерттеу жұмыстарына тартылған кезде, олар білім беру процесінің белсенді қатысушыларына айналады. Зерттеулер оларға алған білімдерінің практикалық маңыздылығын көруге көмектеседі және олардың келешектегі білім алуға деген мотивациясын арттырады.

4-бөлім. Абай ұлттық мектебінің қызметін ұйымдастыру принциптері

Абай ұлттық мектебінің қызметін ұйымдастыру мен басқару философиясы тұлғаға бағдарланған, сапалы әрі үздіксіз дамуды көздейтін, ашықтық пен әділдікке, жүйелілікке және шығармашылық еркіндікке негізделген. Мектеп жұмысының барлық үдерістерінде ізденіс пен шығармашылық бастамаларға, көшбасшылық пен азаматтық белсенділікті дамытуға басымдық беріледі.

Қызметті ұйымдастыру принциптері:

Тұлғаға бағдарланған тұтас даму – әрбір білім алушының зияткерлік, рухани және әлеуметтік әлеуетін жан-жақты ашу.

Сапа мен үздіксіз даму – білім беру процесін тұрақты жетілдіру және заманауи талаптарға бейімдеу.

Ашықтық, әділдік, жүйелілік – басқару мен оқытуда айқын, әділ және жүйелі тәсілдерді қолдану.

Ізденіс пен шығармашылық еркіндігі – білім алушылар мен педагогтердің зерттеушілік және шығармашылық әлеуетін арттыру.

Көшбасшылық және азаматтық белсенділік – оқушыларды жауапкершілікке, бастамашылдыққа және қоғам мүддесі үшін әрекет етуге тәрбиелеу.

Қызмет бағыттары:

Абай мұрасына негізделген, ұлттық құндылықтар мен халықаралық стандарттарды үйлестіретін интеграцияланған білім беру бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру;

Білім алушылар контингентін іріктеу және қалыптастыру;

Мектепті басқарудың заманауи моделін ұйымдастыру (Қамқоршылық кеңес, менторлық жүйе және жобалық топтар құру);

Эргономикалық және қолайлы білім беру ортасын құру;

Педагогтерді іріктеу, үздіксіз кәсіби қолдау және дамыту жүйесін жүзеге асыру;

Ұлттық және халықаралық серіктестіктерді орнату және нығайту.

5-бөлім. Абай ұлттық мектебі оқу процесін ұйымдастыру

Абай ұлттық мектебінде оқу процесі «Qazaq National School Programme» білім беру бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылады. Бағдарлама халықаралық білім беру жобаларының заманауи қағидаттарын ескере отырып, ұлттық білім беру компоненттерімен үйлестірілген бірегей білім беру жүйесін ұсынады. Ол тұлғаның жан-жақты дамуын қамтамасыз етуге бағытталған пәнаралық, іс-әрекеттік және құндылыққа бағдарланған тәсілдемелерге негізделеді.

Оқу процесі семестрлік жүйе бойынша ұйымдастырылып, оқу жылының ұзақтығы 38 аптадан тұрады.

Білім беру деңгейлері:

7-9-сыныптар – негізгі академиялық дайындық кезеңі. Бұл кезең білім алушылардың дүниетанымын кеңейтуге, тұлғалық іргетасын қалыптастыруға және ұлттық құндылықтарды бойына сіңіруге бағытталады.

10-11-сыныптар – бейіндік тереңдетілген оқыту кезеңі. Негізгі басымдық көшбасшылық қасиеттерді, жаһандық құзыреттерді дамытуға және жоғары оқу орындарына табысты түсуге даярлауға беріледі.

Тұлғаны жан-жақты дамытуға бағытталған қосымша білім беру бағдарламалары мектептің бірегейлігін арттырады және білім алушылардың шығармашылық, зерттеушілік қабілеттерін дамытуға жағдай жасайды.

Міндетті білім беру салалары:

Тіл және әдебиет;

Математика және информатика;

Жаратылыстану;

Адам және қоғам;

Технология және өнер;

Дене шынықтыру.

Жаратылыстану-математикалық бейін бағыты табиғат заңдылықтарын, қоршаған ортаның құрылымы мен дамуын терең зерттеу арқылы ғылыми дүниетанымды қалыптастыруға және аналитикалық ойлауды дамытуға бағытталған.

Бейіндік пәндерді тереңдетіп оқыту математика, физика, химия, биология, география, информатика пәндері келесідей міндеттерді көздейді:

білім алушыларға зерттеу жүргізу, жобалық жұмыстар жасау, қорытындыларды негіздеу және ғылыми талдау әдістерін меңгерту;

себеп-салдарлық байланыстарды түсіну, дәлелдер келтіру, логикалық пайымдау және тұжырым жасауға дағдыландыру;

цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану, онлайн зертханалар, модельдеу, виртуалды эксперименттер, деректерді жинау және визуализациялау;

STEM бағытындағы жобалар, шетел тілінде оқыту, заманауи ғылыми-техникалық білімдерді интеграциялау;

Инновациялық және жобалық әдістер, яғни PISA, STEM, CLIL (Content and Language Integrated Learning) сияқты заманауи әдістемелерді қолдану, зертханалық тәжірибелер мен жобалық зерттеулер жүргізу.

Кәсіптік бағдар беру, инженерлік, техникалық, табиғи, медициналық, экологиялық және IT-мамандықтарға даярлау.

Математика бойынша тереңдету бағыттары:

Мақсаты – білім алушылардың математикалық сауаттылығын, сыни ойлауын және математикалық мәдениетінің жоғары деңгейін қалыптастыру.

Алгебра және анализ бастамалары (функциялар теориясы, графикалық талдау, параметрлі және модульді теңдеулер, прогрессиялар, рекурсиялар, комбинаторика, туынды және интеграл негіздері);

Геометрия және стереометрия (стандартты емес есептер, фигураларды түрлендіру, көлемдер, кеңістіктегі бұрыштар, координаталық және аналитикалық геометрия, векторлық есептеулер);

Математикалық анализ (шекаралар, үздіксіздік, функцияларды зерттеу, интегралдық есептеу элементтері және қолданылуы);

Комбинаторика, ықтималдықтар теориясы және статистика (ықтималдық модельдері, биномдық схемалар, математикалық статистика элементтері);

Логика және дәлелдеу әдістері (қарама-қарсыдан, индукция, конструктивті дәлелдер);

Жоғары математика элементтері (матрицалық алгебра, сызықтық теңдеулер жүйесі, еселі интегралдар, сандар теориясының негіздері).

Тілдік бағдарламаны тереңдету бағыттары:

Мақсаты – функционалдық сауаттылықты, сыни ойлауды және тіл мәдениетінің жоғары деңгейін қалыптастыру.

Коммуникативтік құзыреттер: пікірталастар жүргізу, эссе жазу, көпшілік алдында сөйлеу, аударма жасау.

Лингвистикалық және мәдени талдау: тіл мен мәдениеттің байланысын зерттеу, әдеби және ауызекі тілдің ерекшеліктерін талдау.

Зерттеу қызметі: аналитикалық жұмыс жазу, салыстырмалы грамматика мен аударматану жобалары.

Тереңдетілген грамматика: күрделі синтаксистік құрылымдар, стилистикалық талдау, функционалды стильдер ерекшеліктері.

Лексикалық қорды кеңейту: кәсіби және публицистикалық лексиканы, контекстік қолдану ерекшеліктерін меңгеру.

Тілдік дайындық: ағылшын тілі – C1 деңгейі, таңдау тілдері – B1/B2 (француз, испан, қытай, түрік).

Тілдерді меңгерудің мақсаты – әлеуметтік және кәсіби ортада еркін әрекет етуге мүмкіндік беретін, келіссөздер жүргізу және ынтымақтастық орнатуда тиімді пайдаланылатын коммуникативтік және мәдениетаралық құзыреттерді қалыптастыру.

Тілдік оқыту коммуникативтік бағыт, мәдениаралық коммуникация, тыңдалым мен айтылым дағдыларын дамыту, контекстке негізделген оқыту, интерактивті әдістерді қолдану, мотивацияны арттыру, тілдік ортаға толыққанды ену бағытталуымен ерекшеленеді.

Білім алушылардың қабілеті мен қызығушылықтарына сәйкес білім беру кеңістігін кеңейту мақсатында үш негізгі бағытта таңдау пәндері жүзеге асырылады: Ғылым, Көшбасшылық, Шығармашылық.

Ғылым бағыты – жаратылыстану-математикалық және техникалық ғылымдар саласындағы тереңдетілген білім беруді қамтамасыз етеді. Бұл бағыттағы пәндер білім алушылардың зерттеу және талдау дағдыларын, ғылыми ойлауын, эксперимент жүргізу қабілетін және жобалық қызметін дамытады. Математикалық модельдеу, бағдарламалау, инженерлік жобалау, ғылыми зерттеу негіздері сияқты пәндер ғылымға қызығушылығы бар оқушылардың кәсіби бағдарын қалыптастырады.

7-9-сыныптарда:

Жоғары математика элементтері/Математикалық талдау/Математикалық модельдеу. Техникалық, жаратылыстану және қолданбалы ғылымдар саласында білім алушылардың математикалық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған кешенді оқу бағдарламасын жүзеге асыру. Пән аясында білім алушылар функциялар теориясы, шектер мен туындылар, интегралдау әдістері, қатарлар теориясы, дифференциалдық теңдеулер, ықтималдықтар теориясы және математикалық статистика элементтерін меңгеріп, оларды практикалық есептер мен модельдеуде қолдану дағдыларын дамытады

Бағдарламалау пәні. Ақпараттық технологиялар мен компьютерлік ғылымдар саласында білім алушылардың алгоритмдік ойлау қабілетін, бағдарламалық шешімдер құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Пәнді оқыту барысында Python, C++, Java, JavaScript және басқа да кең таралған бағдарламалау тілдерінің негіздері меңгеріліп, деректер құрылымдары, алгоритмдер, объектіге-бағытталған бағдарламалау принциптері мен веб және қолданбалы бағдарламалар құрастырудың бастапқы дағдылары қалыптастырылады.

Инженерлік жобалау негіздері/Виртуалды шындық / Ғылыми ізденіс негіздері. Техникалық мәселелерді шығармашылық тұрғыдан шешуге бағытталған инженерлік ойлау қабілетін қалыптастыруға және жобалық қызметтің практикалық дағдыларын дамытуға арналған. Оқу барысында білім алушылар жобалау үдерісінің негізгі кезеңдерін – мәселені талдау, қажеттілікті анықтау, шешім нұсқаларын әзірлеу, модель құрастыру, прототип дайындау, сынақтан өткізу және бағалау сияқты әрекеттерді меңгереді. Сонымен қатар,

CAD (Computer-Aided Design) бағдарламалары арқылы 2D/3D модельдеу дағдыларын қалыптастырып, техникалық сызбалар мен эскиздер жасауды үйренеді. Пәнде жүйелі жобалау принциптері, виртуалды шындық технологияларын қолдану тәсілдері және ғылыми ізденіс әдістерін жобалау жұмыстарында тиімді пайдалану қарастырылады.

10-11-сыныптарда:

Информатика және бағдарламалау – ақпараттық технологиялар саласындағы негізгі ұғымдарды, алгоритмдер мен деректер құрылымдарын, бағдарламалау тілдерін (Python, C++, Java және т.б.), сондай-ақ бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеудің заманауи әдістерін меңгеруге бағытталған оқу бағдарламасы. Пәнді оқыту барысында білім алушылар алгоритмдік және логикалық ойлау қабілетін дамытып, бағдарламалау арқылы практикалық есептерді шешу дағдыларын қалыптастырады.

Астрономия – ғарыштық денелерді (жұлдыздар, планеталар, кометалар, галактикалар және т.б.), олардың қозғалысы мен құрылымын, шығу тегін және эволюциясын зерттеуге бағытталған оқу бағдарламасы. Пән аясында білім алушылар аспан денелерінің табиғаты мен ғаламның заңдылықтарын түсіну үшін бақылау, талдау және модельдеу әдістерін меңгереді.

Көшбасшылық бағыты – білім алушылардың басқарушылық, ұйымдастырушылық және коммуникациялық қабілеттерін жетілдіруге бағытталған. Бұл бағыттағы пәндер топтық жобаларды басқару, келіссөз жүргізу, шешім қабылдау, қоғамдық бастамаларды жүзеге асыру, жеке тұлғалық қасиеттерді дамыту сияқты дағдыларды қалыптастырады.

7-9 сыныптарда:

Көркем мәтін поэтикасы – білім алушыларға көркем мәтіннің құрылымдық ерекшеліктерін, поэтикалық тілдің табиғатын, бейнелеу құралдары мен көркемдік тәсілдерді терең түсінуге мүмкіндік беретін оқу бағдарламасы. Бағдарлама оқушылардың оқырмандық мәдениетін қалыптастыруға, әдеби талдау, интерпретация және мәтіннің көркемдік мәнін ашу дағдыларын дамытуға бағытталған.

Шешендік өнер – қазақ шешендік дәстүріне негізделген риторикалық мәдениетті жетілдіруге арналған оқу бағдарламасы. Пәнді оқыту барысында білім алушылар көпшілік алдында сенімді сөйлеу, пікірталас жүргізу, аудиторияны иландыра білу, дипломатиялық қарым-қатынас орнату және заманауи шешендік пен көшбасшылық риторикасының элементтерін меңгереді.

10-11-сыныптарда:

Академиялық жазылым – білім алушылардың ғылыми және академиялық стильде сауатты жазу дағдыларын қалыптастыруға арналған оқу бағдарламасы. Бағдарламада әртүрлі жазылым жанрларын (эссе, аналитикалық шолу, пікір) меңгеру, дәлелді әрі құрылымды мәтіндер құрастыру, ақпаратты іздеу және талдау, сілтеме жасау ережелері мен академиялық адалдық қағидаттарын сақтау мәселелері қамтылады.

Елге қызмет – менеджмент, саясаттану және әлеуметтік жауапкершілік негіздеріне сүйеніп, мемлекеттік жүйені терең зерделеуге бағытталған оқу бағдарламасы. Оқу барысында тиімді басқару үлгілері, азаматтық қоғамды қалыптастыру механизмдері, қоғамдық сектордағы көшбасшылық принциптері мен жобалық қызмет дағдылары үйретіледі.

Қазақстанның тұрақты даму мақсаттары – БҰҰ-ның жаһандық бастамалары негізінде Қазақстанның тұрақты даму стратегияларын талдауға бағытталған оқу бағдарламасы. Бағдарламада экономикалық, экологиялық және әлеуметтік тұрақтылық, энергия тиімділігі, әлеуметтік теңдік пен инклюзивті экономикалық өсімге қатысты ұлттық бағдарламалар қарастырылады.

Экономика – қаржылық сауаттылықты қалыптастыруға арналған оқу бағдарламасы. Білім алушылар қаржыны тиімді басқару, капитал айналымы, өндіріс механизмі, тұтыну, сауда, қаржы және ақша айналымы сияқты негізгі экономикалық ұғымдарды меңгереді.

Менеджмент – ұйымның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу үшін ресурстарды тиімді жоспарлау, ұйымдастыру, басқару және бақылау процестерін қамтитын оқу бағдарламасы. Бағдарламада басқару теориясы, ұйымдастырушылық құрылымдар, команда құру және тиімді коммуникация мәселелері қарастырылады.

Шығармашылық бағыты – өнер, мәдениет және креативті индустрия саласындағы қабілеттерді дамытуға арналған. Бұл бағытта дизайн, сахна өнері, музыка, көркем өнер, шығармашылық жазу, мультимедиа жобалары сияқты пәндер оқытылып, оқушылардың эстетикалық талғамы мен шығармашылық ойлау қабілеті дамытылады.

7-9-сыныптарда:

Арт-лаборатория – шығармашылық ойлау мен көркемдік қабілетті дамытуға, өнер мен ғылымның өзара байланысын зерттеуге бағытталған таңдау пәні. Арт-лабораторияда білім алушылар бейнелеу өнері, графика, фото және видеоөнер, цифрлық дизайн, сәндік-қолданбалы өнер, театр, музыка және әдебиет секілді өнер түрлері арқылы өз идеяларын эксперименттік жолмен жүзеге асырады, заманауи көркемдік тәсілдерді меңгереді.

Музыка – білім алушылардың музыкалық қабілеттерін жетілдіруге, эстетикалық талғамын қалыптастыруға және ұлттық пен әлемдік музыка өнеріне қызығушылығын арттыруға бағытталған таңдау пәні. Бағдарламада әртүрлі музыкалық жанрларды тыңдау, талдау, орындау дағдылары мен музыкалық шығармалар арқылы тұлғалық құндылықтарды қалыптастыру көзделеді.

Кинотану – кино өнерінің теориясы мен тарихын, оның эстетикалық, әлеуметтік және мәдени аспектілерін зерделейтін таңдау пәні. Бұл пәнде кинофильмдердің құрылымы, режиссура, сценарий жазу, монтаж, актерлік шеберлік, көркемдік бейне жасау, кино тілі, жанрлар мен стильдер талданады.

PR өнері – қоғаммен тиімді байланыс орнату, қоғамдық пікір қалыптастыру және ұйымның немесе жеке тұлғаның имиджін басқару тәсілдерін үйрететін таңдау пәні. Бағдарламада стратегиялық коммуникацияның заманауи әдістері, БАҚ-пен жұмыс, мақсатты аудиторияны зерттеу, ақпараттық кампаниялар ұйымдастыру және репутациялық тәуекелдерді болжау мен басқару жолдары қарастырылады.

10-11-сыныптарда:

Өнер – білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, эстетикалық және көркемдік құндылықтарды түсініп, бағалай білуге бағытталған таңдау пәні. Бұл пән сурет, музыка, театр, би, кино және басқа да өнер түрлері арқылы оқушылардың рухани дүниесін байытуға, адамзат мәдениетінің үздік үлгілерін меңгеруге және жеке тұлғаның эстетикалық талғамын қалыптастыруға жағдай жасайды.

Сахна тілі – театр өнеріндегі актерлердің рөлін орындау кезінде қолданылатын тілдік құралдар мен көркемдік әдістерді меңгеруге арналған таңдау пәні. Пән мазмұны сөздің мәнін дұрыс жеткізу, дауыс ырғағын, интонацияны, жест пен мимиканы тиімді пайдалану және дене қозғалысы арқылы сахналық образды қалыптастыру дағдыларын дамытады.

Драма – білім алушыларды сахналық өнермен таныстыратын, драматургиялық шығармаларды оқу, сахналану ерекшеліктерін түсіну және актерлік шеберлікті меңгеру арқылы шығармашылық қабілеттерін жетілдіретін таңдау пәні. Бағдарламада түрлі образдарды сомдау, сахналық қойылымдар жасау, рөлге ену, импровизация, дауыс пен дене пластикасы секілді практикалық дағдыларды дамытуға басымдық беріледі. Сонымен қатар, қазақ және әлемдік драматургияның үздік үлгілері қолданылып, сахналық өнердің теориясы мен тәжірибесі үйлестіріледі.

Білім алушыларға алғашқы кәсіпті меңгеру мүмкіндігі беріледі. Микроквалификациялар мектеп миссиясына, түлек атрибуттарына, білім беру бағдарламасына және қосымша білім беру бағдарламасының бағыттарына сәйкестендіріліп таңдалады. Түлектер кәсіби сертификаттар алады, бұл оларға қарқынды дамып келе жатқан салаларда жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Ұсынылатын микроквалификациялар (алғашқы кәсіптер):

I. Технологиялар және цифрлық мамандықтар:

Графикалық дизайн және цифрлық контент (Photoshop, Illustrator, Canva)

Веб-әзірлеу негіздері (HTML, CSS, JavaScript)

Видео монтаж және анимация (Adobe Premiere, After Effects)

Цифрлық маркетинг және SMM (SEO, таргеттелген жарнама, контент-маркетинг)

Бағдарламалау негіздері (Python, JavaScript)

UI/UX дизайн (пайдаланушы интерфейстерін әзірлеу)

Дрон операторы және аэрофототүсірілім

Жасанды интеллект және big data негіздері

II. Гуманитарлық және қоғамдық мамандықтар:

Копирайтинг және мәтін өңдеу (контент жасау, редакциялау)

Гид-экскурсия жетекшісі (өлкетану, экскурсия жүргізу техникасы)
Аудармашы (ауызша және жазбаша) (тілдік жұптармен жұмыс, локализация)

Журналистика және медиакоммуникациялар негіздері (жаңалық жасау, БАҚ-та жұмыс істеу)

Қарым-қатынас психологиясы және коучинг

Іс-шараларды ұйымдастыру және ивент-менеджмент

Этика және дипломатиялық хаттама

III. Экономика, қаржы және кәсіпкерлік:

Қаржылық сауаттылық және инвестиция негіздері (бюджеттеу, қор нарығы)

Кәсіпкерлік және стартап мәдениеті (бизнес-модельдер, бизнес-жоспарлау)

Экономика және шағын бизнесті басқару

IV. Өнер, спорт және денсаулық:

Музыкалық продюсинг және дыбыс режиссурасы (DAW жүйелерімен жұмыс, студиялық жазба)

Фитнес-тренер және спорттық медицина негіздері (жаттығу бағдарламалары, физиология)

Нутрициология және дұрыс тамақтану негіздері

Театр өнері және көпшілік алдында сөйлеу

Хореография және сахналық қозғалыс

Бұл микроквалификациялар түлектерге бәсекеге қабілетті дағдыларды меңгеруге ғана емес, сонымен қатар кәсіби қызметті бастауға мүмкіндік береді.

Абай ұлттық мектебінде жасанды интеллектіні (ЖИ) оқыту – білім беру жүйесінің заманауи талабына сай, оқушыларды болашақтағы цифрлық қоғамның белсенді субъектісіне айналдыруға бағытталған маңызды қадам. ЖИ технологияларын меңгеру тек техникалық дағды емес, ол – сыни ойлау, шығармашылық ізденіс, этикалық жауапкершілік және зерттеушілік мәдениетті қалыптастырудың тиімді жолы. Сондықтан ЖИ – Абай ұлттық мектебінде тек информатика саласының бөлігі ретінде емес, тұлғаның жан-жақты дамуын көздейтін пәнаралық құрал ретінде оқытылуы қажет.

Ең алдымен, ЖИ оқытудағы мақсат – білім алушыларды дайын өнімді тұтынушы емес, оны түсінетін, талдайтын және саналы түрде қолдана білетін тұлға ретінде тәрбиелеу. Бұл үшін оқу мазмұнына ЖИ-дің қоғамдағы рөлі, оның адамзат мәдениетіне, экономика мен білімге әсері туралы түсініктер енгізілуі тиіс. Мысалы, әдебиет сабақтарында ЖИ көмегімен шығарманы талдау, кейіпкерлердің мінезін модельдеу немесе көркем мәтінге креативті жалғастыру жасау тапсырмалары оқушылардың ойлау қабілетін дамытады. Ал жаратылыстану және информатика пәндерінде алгоритм құру, мәліметтерді талдау, бейне мен мәтінді тану сияқты практикалық бағыттар арқылы ЖИ-дің нақты қолданылу принциптері үйретіледі.

Сонымен қатар, Абай ұлттық мектебінде ЖИ оқыту үдерісі адам мен технологияның үйлесімін сақтау қағидатына негізделуі керек. Абайдың

«Толық адам» ілімі және «Бес асыл іс» ұстанымы мен ЖИ дәуірінің мүмкіндіктерін ұштастыру – мектептің басты миссиясының бірі. Яғни, ЖИ оқыту барысында этикалық мәдениет, цифрлық жауапкершілік, шынайылық пен әділеттілік ұғымдары басты назарда болуы тиіс. Педагог мен білім алушы арасындағы өзара қарым-қатынасты ЖИ алмастырмай, керісінше, оны қолдаушы, жетілдіруші құрал ретінде қолдану маңызды.

Оқыту форматы жағынан ЖИ технологиялары мектептің барлық пәндері мен жобалық жұмыстарында интеграцияланған түрде жүргізілгені жөн. Мысалы, «Елге қызмет» немесе «Арт-лаборатория» пәндерінде оқушылар ЖИ арқылы әлеуметтік жобаларға талдау жасап, креативті шешімдер ұсына алады. «PR өнері» мен «Кинотану» пәндерінде нейрожелілердің визуал мен мәтінді өңдеу мүмкіндіктерін пайдалану оқушылардың медиасауаттылығын арттырады. Ал жетекші бағыттардың бірі – дербестендірілген оқыту. ЖИ негізінде әр оқушының оқу қарқыны мен стиліне сай жеке оқу траекториясы құрылады, бұл оқу процесін тиімді әрі әділ етеді.

Абай ұлттық мектебінде ЖИ оқыту – тек жаңа технологияны меңгеру емес, ұлттық құндылықтар мен заманауи білімнің тоғысында адамгершілік, шығармашылық және сыни тұрғыдан ойлай алатын тұлғаны қалыптастыру үдерісі. Мұндай білім беру моделі Абайдың рухани мұраттарына сай, әділетті, ізгілікті және парасатты ұрпақ тәрбиелеуге қызмет етеді.

«Ғылым» бағыты

Пән	ЖИ ықпалы	Талдау	Күтілетін нәтиже
Жоғары математика элементтері / Математикалық талдау / Математикалық модельдеу	ЖИ математикалық модельдерді автоматты түрде құрастырып, күрделі есептерді визуализациялауға мүмкіндік береді.	Оқушылар ChatGPT, WolframAlpha, GeoGebra AI сияқты құралдар арқылы функциялар мен теңдеулерді талдап, модельдеу нәтижесін интерпретациялайды.	Математикалық ойлау мен талдау дағдылары дамиды; күрделі функцияларды модельдеу мен интерпретациялау білігі қалыптасады.
Бағдарламалау	ЖИ код жазу, қате табу, код сапасын бағалау және алгоритмдік ойлау үдерісін жеделдетеді.	Python Copilot, ChatGPT Code Interpreter сияқты құралдар алгоритм жазу мен түсіндіруде көмек береді.	Бағдарламалау тілдерін меңгеру жылдамдайды; оқушылар жобалық есептерді

			өздігінен шешуге қабілетті болады.
Инженерлік жобалау негіздері / Виртуалды шындық / Ғылыми ізденіс негіздері	ЖИ 3D модельдерді автоматты жобалау, прототиптерді болжау және қателерді азайтуда қолданылады.	CAD жүйелеріне ендірілген AI плагиндері модельді оңтайландыруды, виртуалды сынақ жүргізуді қамтамасыз етеді.	Инженерлік ойлау қалыптасады; оқушылар жобаны жоспарлау мен сынақтан өткізуді ЖИ көмегімен меңгереді.
Информатика және бағдарламалау (10–11 сынып)	ЖИ алгоритм талдау мен мәліметтер құрылымын визуализациялау үшін қолданылады.	Code Assistant және AI Debugger құралдары арқылы оқушылар деректерді өңдеу мен оңтайландыру жолдарын үйренеді.	Логикалық және алгоритмдік ойлау тереңдейді; күрделі бағдарламалық шешімдерді өздігінен әзірлеу қабілеті артады.
Астрономия	ЖИ спутниктік деректерді өңдеу, жұлдыз қозғалысын болжау және аспан құбылыстарын модельдеуде қолданылады.	AI негізіндегі Stellarium, NASA SkyView құралдары арқылы оқушылар нақты аспан денелерін талдайды.	Ғылыми бақылау және талдау қабілеттері дамиды; ғалам моделін түсіну қабілеті қалыптасады.

«Көшбасшылық» бағыты

Пән	ЖИ ықпалы	Талдау	Күтілетін нәтиже
Көркем мәтін поэтикасы	ЖИ мәтін құрылымын, троптар мен бейнелеу	GPT негізіндегі әдеби талдау құралдары поэтикалық	Әдеби талдау мен интерпретация дағдылары дамиды; оқушы авторлық

	құралдарын талдауда қолданылады.	мәтіннің стильдік ерекшелігін автоматты талдай алады.	мәнерді айқындай алады.
Шешендік өнер	ЖИ сөйлеу анализі мен риторикалық құрылымды бағалау үшін қолданылады.	Speech-to-text және AI Speaking Coach құралдары арқылы оқушы өз даусын, интонациясын, емпінін түзете алады.	Сөйлеу мәдениеті мен аудиториямен жұмыс істеу қабілеті күшейеді.
Академиялық жазылым	ЖИ жазбаша мәтінді құрылымдау, грамматикалық және стилистикалық тексеру үшін қолданылады.	Grammarly, ChatGPT Academic Tools секілді платформалар ақпаратты өңдеп, цитаталау мен аннотациялауға үйретеді.	Ғылыми стильде сауатты жазу, ақпаратты талдау және сілтеме жасау дағдылары қалыптасады.
Елге қызмет	ЖИ әлеуметтік үрдістерді модельдеу және мемлекеттік саясатты талдау құралы ретінде қолданылады.	Data Science және OpenAI аналитика құралдары әлеуметтік деректерді талдауға мүмкіндік береді.	Азаматтық жауапкершілік пен аналитикалық көзқарас дамиды; басқарушылық шешім қабылдауға дайындық артады.
Қазақстанның тұрақты даму мақсаттары	ЖИ экологиялық және әлеуметтік деректерді талдау, визуализациялау	Tableau AI, ChatGPT Data Interpreter көмегімен оқушылар тұрақты даму	Ғылыми зерттеу мен аналитикалық ойлау қабілеті дамиды; экологиялық сана қалыптасады.

	үшін қолданылады.	көрсеткіштерін модельдей алады.	
Экономика	ЖИ нарықтық үрдістерді болжау, инвестицияны талдау үшін қолданылады.	Excel Copilot және ChatGPT Financial Tools арқылы қаржы есебі мен болжам жасау үйретіледі.	Қаржылық сауаттылық, аналитикалық ойлау және инвестициялық шешім қабылдау дағдылары дамиды.
Менеджмент	ЖИ жобалық басқару, тәуекелдерді болжау және стратегиялық жоспарлауда қолданылады.	AI Project Planner құралдары менеджмент шешімдерін оңтайландырады.	Ұйымдастырушылық және аналитикалық қабілеттер дамиды; шешім қабылдау жылдамдығы артады.

«Шығармашылық» бағыты

Пән	ЖИ ықпалы	Талдау	Күтілетін нәтиже
Арт-лаборатория	ЖИ сурет, графика және дизайн жасауда креативті көмекші ретінде қолданылады.	Midjourney, DALL·E, RunwayML арқылы оқушылар идеяларын визуализациялайды.	Көркемдік ойлау дамиды; сандық өнер құралдарын қолдану білігі қалыптасады.
Музыка	ЖИ әуенді талдау, гармония генерациялау және дыбыс өңдеу процесін автоматтандырады.	Soundful, AIVA секілді AI-композиторлар оқушылардың шығармашылығын арттырады.	Музыкалық ойлау, талдау және композиция дағдылары жетіледі.
Кинотану	ЖИ сценарий жазу, кадрды талдау және монтаж	ChatGPT сценарий генераторы мен RunwayML бейнеөңдеу	Кино тілі мен режиссураны түсіну тереңдейді; шығармашылық бейне жасау

	процесін жеделдетеді.	құралдары қолданылады.	дағдысы қалыптасады.
PR өнері	ЖИ медиаконтентті талдау, аудиторияны зерттеу және ақпараттық стратегия әзірлеуге көмектеседі.	ChatGPT және Brandwatch AI аудитория мінез- құлқын болжауда қолданылады.	Коммуникациялық стратегия құрастыру және имидж қалыптастыру қабілеттері дамиды.
Өнер	ЖИ арқылы стиль мен композицияны талдау, шығармашылық референстер алу жүзеге асады.	Artbreeder және Leonardo.ai көмегімен көркем образдар жасалады.	Эстетикалық талғам артады, заманауи өнер құралдарын қолдану дағдысы қалыптасады.
Сахна тілі	ЖИ дауыс және эмоция анализі арқылы сахналық сөйлеуді жетілдіреді.	VoiceAI және RehearsalPro сияқты платформалар жаттығу сапасын арттырады.	Актерлік шеберлік пен сахналық сөйлеу мәдениеті дамиды.
Драма	ЖИ сценарий құрылымын талдау, рөлдік мәтіндерді генерациялау үшін қолданылады.	ChatGPT Drama Writer және Character AI арқылы сахна мәтіндері мен образдар құрастырылады.	Драматургиялық ойлау, сахналық бейнелеу және шығармашылық интерпретация қабілеті артады.

6-бөлім. «Парасат жолы» тәрбие бағдарламасы

«Парасат жолы» тәрбие бағдарламасы Абай ұлттық мектебінде жүргізілетін тәрбие жұмысын іске асыруды көздейді.

Бағдарламаның өзегі Абайдың бес асыл ісі мен «Толық адам» іліміне негізделіп, парасаттылық, адамгершілік және ағартушылық ұстанымдарын біріктіретін заманауи философияға сүйенеді. Бағдарлама Абайдың «толық

адам» тұжырымдамасын ХХІ ғасыр талаптарына бейімдеп, парасатты, ойы озық, еңбекқор әрі әділ тұлға тәрбиелеуге бағытталады. Бұл ұлттық білім беру жүйесін жаңа сапалық деңгейге шығарып, жас ұрпақты ойы озық, санасы сергек, ар-ұжданы биік адал азамат етіп тәрбиелеуге бағытталған.

Мақсаты: білім алушылардың азаматтық парызын, рухани-адамгершілік қасиеттерін, академиялық әрі шығармашылық әлеуетін кешенді дамыта отырып, парасатты, жауапты адал азамат қалыптастыру.

Міндеттері:

Адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят, қамқорлық, қайырымдылық қасиеттерін дамыту;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздеріне терең құрмет сезімін қалыптастыру;

Отанға, туған халықтың тарихы мен мәдениетіне сүйіспеншілікке тәрбиелеу;

Еліне, оның жетістіктері мен келешегіне деген мақтаныш сезімін ояту;

Отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы жауапкершілік сезімін қалыптастыру;

Құқық пен міндетті түсіну, заң мен тәртіпті бағалау мәдениетін тәрбиелеу;

Әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға, қоғамдық мәдениетті нығайтуға баулу;

Қарым-қатынаста адалдық пен әдептілік нормаларын ұстануға үйрету;

Өз іс-әрекеті үшін жауапкершілікті сезіну дағдысын қалыптастыру;

Еңбексүйгіштік пен үздіксіз өзін-өзі жетілдіруге ұмтылысқа баулу;

Өзгенің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге және академиялық адалдық қағидаттарын ұстануға тәрбиелеу.

Түлек моделіне сәйкес «Парасат жолы» тәрбие бағдарламасы келесі жобаларды жүзеге асыруды көздейді.

Білім алушылардың отаншылдық қасиетін қалыптастыру үшін «Елге қызмет» жобасы іске асырылады. Жоба білім алушылардың азаматтық жауапкершілігін арттырып, қоғамдық бастамаларға белсенді қатысуға баулиды. Жоба аясында мемлекеттік саясат туралы танымдық семинарлар, пікірталастар ұйымдастырылып, қоғамдық орындарды абаттандыру, қайырымдылық акциялары мен волонтерлік қызметтер жүзеге асырылады.

Адам құқықтары және мемлекеттік басқару бойынша кейс сессиялар ұсынылады. Бұл білім алушылардың құқықтық сауаттылығын арттырып, мемлекеттік басқару жүйесінің жұмысымен таныстыруға бағытталған интерактивті сабақтар, рөлдік ойындар, құқық қорғау органдары және басқада мүдделі мемлекеттік органдардың өкілдерімен кездесулер өткізіледі.

Экологиялық және қайырымдылық жобасы. Жоба аясында «Жер сағаты» экологиялық акциясы, «Түлектердің ағаш егуі» челленджі, «Табиғатқа қамқорлық жасаймыз» сенбіліктері арқылы экологиялық мәдениет қалыптастыру көзделеді.

«Ұлы дала мұрасы» жобасы. Жоба аясында қазақ халқының тарихи-мәдени мұраларын терең танып-білу, музейлер мен тарихи орындарға саяхаттар ұйымдастыру, ұлттық салт-дәстүрлерді насихаттайтын көрмелер өткізу жоспарланады.

Терең білімділікті дамыту үшін дебат клубтары және интеллектуалды ойындар ұйымдастыру ұйымдастырылады. Білім алушылардың логикалық пайымдау, дәлелді сөйлеу және сыни тұрғыда ойлау қабілеттерін жетілдіруге арналған пікірсайыс турнирлері мен танымдық ойындар.

Ғылыми экспедициялар мен зерттеу жобасы. Жоба сыныптан тыс уақытта табиғи және тарихи нысандарды зерттеу жүргізу арқылы ғылыми-ізденіс мәдениеті қалыптастырылады.

«Балалар кітапханасы» жобасы аясында кітап оқу сағаттарын, әдеби кештер ұйымдастыру арқылы әдеби шығармаларды талдау, заманауи авторлардың еңбектерін зерттеу, буккросинг және әдеби қойылымдар арқылы оқырмандық мәдениетті арттыру көзделеді.

«Әлемдік трендтер мен футурология» жобасы аясында жаһандық технологиялар, заманауи инновациялар және болашақ мамандықтар туралы түсінікті кеңейтуге арналған арнайы шаралар ұйымдастырылады.

Сыни және шығармашылық ойлауды дамыту үшін STEM/STEAM зертханалары мен шығармашылық хакатондар, ғылым, техника және өнер саласында жобалар әзірлеуге және жаңа шешімдерді табуға арналған тәжірибелік алаңдар ұйымдастырылады.

«Кәсіпкерлікке алғашқы қадам» жобасы стартап симуляциясы – бизнес-жоспарлар әзірлеу, стартап идеяларды қорғау, TEDx форматындағы таныстырылымдар арқылы кәсіпкерлік дағдыларын қалыптастыру.

«ThinkCraft: жасампаз идеялар» жобасы аясында шығармашылық ойлауды арттыратын хакатондар мен жаңа өнімдер әзірлеуге арналған жарыстар ұйымдастырылады.

Эмоционалды интеллектіні дамыту үшін білім алушыларға өзгелердің сезімін түсіну, қарым-қатынас орнату және жанашырлық қабілеттерін жетілдіруге арналған арнайы тренингтер жүргізіледі.

Коммуникативтілік және ынтымақтастықты дамыту үшін «LeadUp: жас көшбасшылар» жобасы аясында білім алушылардың көшбасшылық қабілеттерді дамытуға, келіссөз жүргізу техникасын және қиын жағдайларда шешім қабылдау дағдыларын дамытуға арналған тренингтер мен топтық жұмыстың тиімділігін арттыруға, рөлдерді дұрыс бөлуге және бірлескен нәтижеге жетуге үйрететін практикалық ойындар ұйымдастырылады.

7-бөлім. «Abay talent accelerator camp» қосымша білім беру бағдарламасы

Абай ұлттық мектебінде қосымша білім беру мен оқушылардың шығармашылық және кәсіби әлеуетін дамыту «Abay Talent Accelerator Camp»

бағдарламасы арқылы жүзеге асырылады. Бұл бағдарлама білім алушылардың ерте кәсіби бағдарын айқындап, олардың әлеуметтік белсенділігін арттыруға бағытталған жеделдетілген даму алаңы болып табылады.

Abay Talent Accelerator Camp – 3D-акселерация құрылымына негізделген инновациялық бағдарлама. Бағдарламада білім алушылар үш негізгі кезеңнен өтеді:

Ізденіс кезеңі – өз қабілетін танып-білу, қызығушылықтарды анықтау, тұлғалық даму бағыттарын айқындау.

Мамандану кезеңі – таңдаған салада терең білім мен дағдыларды меңгеру, жеке жобалық идеялар қалыптастыру.

Жоба дайындау кезеңі – нақты жобаларды әзірлеу, оларды қорғау және жүзеге асыру жолдарын меңгеру.

Бағдарламаның басты ерекшелігі – 3D-менторлық жүйесі. Әрбір білім алушыға үш деңгейлі тәлімгер қолдау көрсетеді:

Жеке тәлімгер – тұлғалық даму бағыттарын айқындауға көмектеседі.

Кәсіби сарапшы – таңдаған саладағы кәсіби дағдыларды дамытуға бағыт береді.

Әлеуметтік куратор – әлеуметтік жауапкершілік, көшбасшылық қасиеттер мен топтық жұмыс қабілеттерін қалыптастырады. Abay Talent Accelerator Camp – Абай ұлттық мектебінің білім алушыларын ерте кәсіби бағдарлау және әлеуметтік белсенділікке баулуға арналған жеделдетілген даму бағдарламасы.

Бағдарлама 3D-акселерация құрылымына негізделген:

Білім алушылар ізденіс, мамандану және жоба дайындау кезеңдерінен өтіп, 3D-менторлық жүйесі арқылы жеке тәлімгермен, кәсіби сарапшымен және әлеуметтік куратормен өз даму траекториясын нақтылайды.

Жеделдетілген даму бағдарлама білім алушының тұлғалық және кәсіби дамуын жылдамдатып, оны болашақтағы қоғамдық өзгерістердің қозғаушы күшіне айналдыруды көздейді.

«Abay Talent Accelerator Camp» бағдарламасы келесі бағыттар арқылы жүзеге асырылады:

«Infact» (пікірсайыс және дебат өнері) бағыты. Бұл бағыт білім алушылардың сыни тұрғыдан ойлау қабілетін, өз ойын дәлелді жеткізу және логикалық талдау дағдыларын дамытуға бағытталған. Пікірсайыс алаңдарында оқушылар түрлі тақырыптарды талқылап, қоғамдағы өзекті мәселелер бойынша аргументтер келтіруді үйренеді.

«Шешендік өнер» бағыты. Шешендік өнер сабағы көпшілік алдында сенімді сөйлеу, ойды әсерлі жеткізу, дауыс ырғағы мен интонацияны дұрыс қолдану дағдыларын қалыптастырады. Қазақтың шешендік дәстүрі мен заманауи риторика әдістері үйлесімді оқытылады.

«Asyl Tas» мектеп театры бағыты. Мектеп театры сахна өнеріне баулып, актерлік шеберлікті дамытады. Білім алушылар драматургиялық шығармаларды сахналау арқылы шығармашылық қабілеттерін шыңдайды және топтық жұмыс дағдыларын қалыптастырады.

«DramaLogika» бағыты. Бұл бағыт драматургия мен логикалық тапсырмаларды біріктіріп, оқушыларды шығармашылық ойлауға және импровизацияға баулиды. Күрделі сценарийлер ойластыру, сахналық көріністерді құрастыру арқылы креативтілік дамиды.

«Тақ шебері» (шахмат үйірмесі) бағыты. Шахмат үйірмесі білім алушылардың логикалық және стратегиялық ойлау қабілетін арттырады. Шахмат ойындары арқылы аналитикалық ойлау, шешім қабылдау және шыдамдылық қасиеттері дамиды.

«Саз әлемі» (қолөнер үйірмесі) бағыты. Қолөнер үйірмесінде оқушылар табиғи және жасанды материалдардан бұйымдар дайындау арқылы шығармашылық қабілеттерін дамытады. Ұлттық қолөнер дәстүрін меңгеру эстетикалық талғамды қалыптастырады.

«Арт-дизайн» бағыты. Арт-дизайн бағыты графикалық өнер мен заманауи визуалды дизайнды меңгеруге бағытталған. Бұл бағытта оқушылар цифрлық және бейнелеу өнерін үйреніп, өз шығармашылық жобаларын әзірлейді.

«Abai-STEM» (инженерлік мектеп) бағыты. Бұл бағыт ғылым, техника, инженерия және математиканы (STEM) біріктіріп, инженерлік дағдыларды дамытады. Робототехника, 3D модельдеу, бағдарламалау және тәжірибелік инженерлік жобалар жүзеге асырылады.

Бағдарлама мыналарға негізделеді:

«Абай ұлттық мектебі» түлегінің атрибуттары.

Говард Гарднердің көптік интеллект теориясы.

Үш даму шеңбері: жеке тұлғалық өсу, командалық жұмыс және қоғамға қызмет ету.

«Абай жолы» тәрбие бағдарламасымен интеграциялануы.

3D-модель акселерациясы

Вектор	Бағдарлама деңгейі	Даму шеңбері
Талантты анықтау және дамыту – жеке білім беру траекториясын құру	Junior (7-8 сыныптар) – ізденіс және эксперимент	Ішкі шеңбер «Ізденіс» – интеллект диагностикасы, жеке маршрут құру
Құзыреттерді қалыптастыру – жобалық оқыту арқылы дағдыларды акселерациялау	Middle (9-10 сыныптар) – мақсатты даму, мамандану	Ортаңғы шеңбер «Шыңдалу» – жобалық оқыту, талантты құзыретке айналдыру
Әлеуметтік маңыздылық – құзыреттерді қоғамға нақты үлес қосу үшін пайдалану	Senior (11-12 сыныптар) – өнімді қызмет, құндылық жасау	Сыртқы шеңбер «Елге қызмет» – әлеуетті әлеуметтік жобалар мен экономикаға қатысу арқылы жүзеге асыру

Интеллект түрлері бойынша акселерация форматтары

Интеллект (Гарднер)	Трек	Акселерациялық механизм
Лингвистикалық	«Сөз мерген»	Дебаттар, TEDx-питчтер, журналистика
Логико-математикалық	«STEM Lab»	Хакатондар, финтех, модельдеу
Музыкалық	«Күй және ғалам»	Саунд-дизайн, этномузыкалық эксперименттер
Кеңістіктік	«Архе-креатив»	3D-дизайн, урбанистика, болашақ архитектурасы
Кинестетикалық	«Nomad Challenge»	Тактикалық ойындар, спорт, ат спорты
Аралық (межличностный)	«Ұлтқа қызмет»	Дипломатия, келіссөздер, әлеуметтік кәсіпкерлік
Ішкі (внутриличностный)	«Толық адам»	Өзін-өзі тану, коучинг, табыс стратегиялары
Натуралистік	«EcoFuture»	Эко-жобалар, биотехнологиялар, ақылды қалалар

Күтілетін нәтижелер

«Абай ұлттық мектебі» үшін	Білім алушылар үшін	Қоғам үшін
Таланттарды акселерациялаудың жұмыс моделін әзірлеу	Жеке өсу траекториясы және жеке даму бағыты	Жаңа көшбасшылар мен жасампаздарды дайындау
Ұлттық құндылықтарға негізделген және жаһандық бәсекеге қабілетті көшбасшыларды қалыптастыру	Жобалық оқыту мен тәжірибе арқылы 3+ интеллект түрін дамыту	Стартаптар мен әлеуметтік бастамаларды жүзеге асыратын белсенді азаматтар
Ізбасарлық экожүйесін құру, онда түлектер менторға айналады	Сарапшылардан тәлімгерлік, тағылымдамалар, халықаралық білім беру бағдарламаларына қолжетімділік	Қазақстанның ғылымын, экономикасын, білімін, мәдениетін және технологияларын дамыту

8-бөлім. Білім алушыларды іріктеу

Абай ұлттық мектебінде іріктеу процесі білім алушылардың академиялық білімін емес, олардың жеке қабілеттері мен әлеуетін жан-жақты бағалауға бағытталған. Білім алушыларды гибридік тәсілмен іріктеу барысында стандартталған тест нәтижелерімен қатар, білім алушылардың шығармашылық және аналитикалық қабілеттерін бағалайтын баламалы диагностика әдістері қолданылады. Академиялық біліммен қатар когнитивті дағдылар, көшбасшылық қасиеттер, шығармашылық ойлау және әлеуметтік құзыреттер де ескеріледі.

Білім алушыларды қабылдау кезеңдері:

1 кезеңде тест өткізіледі. Білім алушылардың логикалық ойлау, пәндік білім және аналитикалық қабілеттерін анықтайтын тапсырмалар беріледі.

2 кезеңде эссе жазу: «Менің болашағым», «Қоғамға қосар үлесім» секілді тақырыптарда эссе жазу арқылы оқушылардың ойды жеткізу, жазбаша сөйлеу және өзіндік көзқарасын білдіру қабілеттері бағаланады.

Абай ұлттық мектебіне іріктеуде келесідей жеңілдіктер қарастырылады:

Ауылдық елді мекендерден шыққан оқушылар үшін – 20% жеңілдік ұсынылады. Әлеуметтік әділдік қағидаты негізінде ауылдық жерлерден келген білім алушыларға қосымша мүмкіндік беріледі.

Олимпиада жеңімпаздарына – 5% жеңілдік қарастырылады.

Республикалық немесе халықаралық олимпиадаларда жүлделі орын алған білім алушыларға қосымша басымдық беріледі.

9-бөлім. Педагогтерді іріктеу

Абай ұлттық мектебінде педагогтерді іріктеу олардың кәсіби деңгейін, жеке қасиеттерін және мектеп философиясына сәйкестігін жан-жақты бағалауға бағытталған. Бұл процесс заманауи білім беру талаптарына жауап беретін, білім алушылардың дамуына ықпал ете алатын, жаңашыл әрі үлгі боларлық ұстаздарды таңдау мақсатын көздейді.

Педагогтерді іріктеуде келесі принциптер басшылыққа алынады:

Кәсіби құзыреттілік – үміткердің өзінің пән саласы бойынша терең білімге ие болуы, заманауи оқыту әдістемелерін меңгеруі және практикалық тұрғыдан қолдана білу қабілеті.

Бейімделгіштік және инновациялық көзқарас – білім беру процесінде жаңа технологиялар мен әдістерді қолдануға, цифрлық құралдарды тиімді пайдалануға және өзгермелі жағдайларға жылдам бейімделуге дайын болу.

Коммуникациялық дағдылар – білім алушылармен, ата-аналармен және әріптестерімен тиімді қарым-қатынас орнатып, ынтымақтастық атмосферасын құру қабілеті.

Мектеп философиясын ұстану – «Абай ұлттық мектебі» миссиясы мен құндылықтарын терең түсініп, оны өзінің педагогикалық қызметінде жүзеге асыра алу.

Көшбасшылық және тәлімгерлік дағдылар – білім алушыларға үлгі болу, олардың әлеуетін ашуға бағыт беру, көшбасшылық қасиеттерін дамытуға ықпал ету.

Іріктеу кезеңдері:

Тест: Педагогтің пәндік білімі мен оқыту әдістемелерін білу деңгейі бағаланады. Бұл кезеңде үміткердің теориялық дайындық деңгейі мен логикалық ойлау қабілеті тексеріледі.

Демо-сабақ: Үміткер ашық сабақ өткізу арқылы өз педагогикалық әдістерін, аудиториямен жұмыс істеу шеберлігін, оқушылардың қызығушылығын оята алу қабілетін көрсетеді.

Сұхбат: Мектеп әкімшілігі мен сарапшылармен әңгімелесу барысында үміткердің кәсіби көзқарасы, мектеп құндылықтарына сәйкестігі, жеке және кәсіби мотивациясы бағаланады.

10-бөлім. Әкімшілік қызметкерлерін іріктеу

Абай ұлттық мектебінің әкімшілік қызметкерлерін іріктеу процесі мектептің стратегиялық мақсаттарын жүзеге асыра алатын, кәсіби құзыреттілігі жоғары және көшбасшылық қасиеттері бар мамандарды анықтауға бағытталады. Іріктеу келесі принциптерге негізделеді:

Кәсібилік: Білім беру саласындағы басқару, стратегиялық жоспарлау, кадрлық және әкімшілік процестерді тиімді ұйымдастыру бойынша терең білім мен тәжірибенің болуы.

Көшбасшылық қасиеттері: Команданы ынталандыру, үйлестіру, стратегиялық шешімдер қабылдау, педагогикалық ұжымның дамуына бағыт беру қабілеті.

Мектептің дамуына бағдарлану: «Абай ұлттық мектебі» миссиясы мен құндылықтарына адалдық, инновациялық тәсілдерге дайындық және білім беру сапасын арттыруға бағытталған идеяларды жүзеге асыруға қабілеттілік.

Этика және жауапкершілік: Жоғары деңгейдегі іскерлік мәдениет, адалдық, әділдік, педагогикалық этика нормаларын сақтау, білім беру саласының құндылықтарына беріктік.

Бейімделгіштік және икемділік: Өзгермелі ортада тиімді жұмыс істей алу, жаңа талаптар мен жағдайларға жылдам бейімделу.

Мектеп басшысының қызметін бағалау нәтижеге бағытталған көрсеткіштер (KPI) жүйесі арқылы жүзеге асырылады. KPI-дың негізгі бағыттары төмендегідей:

Академиялық жетістік:

білім алушылардың үлгерімі және оқу жетістіктерінің сапасы;

ұлттық және халықаралық білім сапасын бағалау зерттеулері (PISA, TIMSS, т.б.) нәтижелерінің көрсеткіштері;

олимпиадалар, конкурстар мен ғылыми жарыстардағы оқушылардың жетістіктері.

Ғылыми-зерттеу және жобалық жұмыс:
ғылыми жобалар мен инновациялық бастамаларды жүзеге асыру;
педагогтер мен оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарындағы белсенділігі;
жаңа білім беру технологияларын енгізу және жобалық зерттеу қызметін ұйымдастыру.

Педагогикалық ұжым:
мұғалімдердің кәсіби дамуы мен біліктілігін арттыру деңгейі;
педагогикалық кадрлардың тұрақтылығы және командалық жұмыс сапасы;
инновациялық педагогикалық тәсілдерді енгізу және тәжірибе алмасу деңгейі.

Білім алушыларды қолдау:
білім алушылардың психологиялық және әлеуметтік қолдау жүйесінің тиімділігі;
қосымша білім беру бағдарламаларының іске асырылу сапасы;
дарынды және ерекше қабілетті балаларды қолдау шараларының тиімділігі.

Халықаралық серіктестік:
халықаралық білім беру ұйымдарымен әріптестік орнату және тәжірибе алмасу;
халықаралық жобаларға қатысу және бірлескен іс-шараларды жүзеге асыру;
озық әлемдік тәжірибелерді білім беру процесіне енгізу.

Имидж және танымалдық:
мектептің қоғамдық және кәсіби беделін арттыру;
бақ және әлеуметтік желілердегі белсенділік;
мектептің ұлттық және халықаралық деңгейде танылуы мен беделін қалыптастыру.

11-бөлім. Эргономикалық жайлы орта

Абай ұлттық мектебінде білім беру процесінің тиімділігін арттыру және барлық қатысушылардың психологиялық, физикалық әрі әлеуметтік жайлылығын қамтамасыз ету мақсатында эргономикалық жайлы орта қалыптастыруға ерекше назар аударылады. Бұл орта білім алушылардың тұлғалық дамуына, денсаулығын сақтауға және шығармашылық әлеуетін ашуға ықпал етеді.

Эргономикалық жайлы ортаны құру және қолдау:
білім беру ұйымының қауіпсіздігін қамтамасыз ету, оқу және тұрмыстық орындарды абаттандыру, ғимарат пен сынып бөлмелерінің санитарлық талаптарға сәйкестігін бақылау;

ынтымақтастық пен өзара құрмет атмосферасын қалыптастыру, барлық қатысушылардың эмоционалдық және психологиялық жайлылығын қамтамасыз ету;

адамгершілік, әлеуметтік және мәдени құндылықтарға негізделген орта құру, білім беру кеңістігін тәрбиелік мәні жоғары мәдени элементтермен толықтыру;

білім беру ұйымының физикалық жағдайын жақсарту: табиғи және жасанды жарықтандыруды оңтайландыру, шуды төмендету, ауа сапасын арттыру, температуралық режимді қолайлы деңгейде ұстау.

Мәдениетті қалыптастыру және жүзеге асыру:

мектептің негізгі құндылықтарын қолдайтын тұжырымдамаларды әзірлеу, оларды оқу-тәрбие процесіне енгізу;

педагогтер, білім алушылар және ата-аналар үшін этикалық нормалар мен мінез-құлық стандарттарын бекіту және оны сақтау;

білім алушылардың тұлғалық өсуіне, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және өзіндік пікірін қалыптастыруға ықпал ететін инклюзивті орта құру;

жаңа қызметкерлерді мектеп құндылықтарымен таныстыру мақсатында бағыт-бағдар дәрістерін, бейімделу тренингтері мен түсіндірме кездесулерін ұйымдастыру.

Ынтымақтастықты қолдау:

педагогтер мен білім алушылар арасында өзара сыйластыққа, сенімге және қолдауға негізделген мағыналы қарым-қатынасты дамыту;

білім алушылар арасында достық, өзара көмек пен ынтымақтастық ахуалын қалыптастыруға ықпал ететін жобалар мен іс-шаралар ұйымдастыру;

ата-аналармен тұрақты серіктестік қарым-қатынас орнатып, оларды мектеп өміріне белсенді тарту, ата-аналар қауымдастығын дамыту;

жергілікті қауымдастықтармен және әлеуметтік ұйымдармен серіктестік байланыстарды нығайту, бірлескен мәдени, тәрбиелік және әлеуметтік жобаларды іске асыру.

ҚОРЫТЫНДЫ

Абай ұлттық мектебі тұжырымдамасының негізіне ақынның бес асыл қасиетті: талап, еңбек, терең ой, рақым, қанағат қабілетін қалыптастыру идеясы жатыр. Осы идея негізінде мектеп бітірушісінің табысты траекториясы құрылатын болады. Абай мектептерін трансформациялау оқыту мен тәрбиелеу үдерісінде сындарлы білім берумен қатар, сыни пікір-көзқарастары жүйелі дамыған, мәдени ашықтық пен ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқитын, ұлтжанды, жеке тұлғаны тәрбиелеу мәселесі алғашқы орында тұрғаны белгілі. Сондықтан қоғам өмірінің инновациялық, мәдени және интеллектуалды орталығы болатын ұлттық мектеп моделін құру басты мақсат ретінде алынды. Осыған орай «ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» идеясының негізінде тәрбиенің ізгілік парадигмасын ұстанып, білім стандартын кеңейтілген түрде оқыту арқылы бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастырып барлық пәндер бойынша Абай аңсаған «Толық адам» іліміне қол жеткізе алуға болатыны басты ұстаным болды.

Абайдың шығармашылық мұрасы білім алушылардың эстетикалық талғамын, тілдік және көркемдік қабілеттерін дамытуға зор ықпал етеді. Сондықтан шығармашылық бағытты дамыту үшін Абай шығармашылығын әдебиет, музыка, бейнелеу өнері пәндеріне кіріктіріп, оның поэзиясын, қара сөздерін талдап, өнердің түрлі жанрларында бейнелеу, драма және театр өнерін дамытып, Абай шығармаларын сахналау арқылы олардың эмоционалдық интеллектін жетілдіру, сондай-ақ креативті жазу және журналистика сабақтарын өткізу арқылы өзіндік көзқарасы мен жазу дағдыларын қалыптастыру қажет.

Абай ұлттық мектебінде «Көшбасшылық», «Ғылым» және «Шығармашылық» бағыттарын оқу пәндерінің мазмұнына интеграциялау білім алушылардың зияткерлік, әлеуметтік және шығармашылық әлеуетін арттыруға бағытталған.

7-11 сыныптарға арналған типтік оқу жоспарлары мен оқу бағдарламаларын әзірлеумен қатар, оқушылардың тереңдетілген «АБАҰ-бағдарламасын» өз бетінше және терең меңгеруі үшін кең ауқымды дағдыларды дамыту жұмыстары қатар жүргізіледі, кейінірек пәндер бойынша интеграцияланған немесе баламалы бағдарламалар әзірленеді.

«АБАҰ-бағдарламаларын» және қосымша білім беру бағдарламаларын әзірлеу барысында педагогикалық құрам контингенті, оқыту және білім беру талаптары, сондай-ақ осы мектепте жұмыс істеу үшін педагогтың қажетті құзыреттері анықталады.

Білім алушылар контингентін іріктеу де маңызды екені анықталып, оларды іріктеудің критерийлері жасалды. Сонымен қатар жоғары сапалы қоғамның дағдылары мен құзыреттері мектеп қабырғасында қалыптасатыны ескеріліп, білім алушының дамуға және білім мен дағдыларын жетілдіруге ұмтылуына басымдық беріледі. Осыған орай, мектепке қабылдау арнайы

емтиханға және оқушының әртүрлі бағыттар мен пәндер бойынша алдын ала жетістіктеріне негізделеді.

Абай Ұлттық мектебінің білім беру процесі 7-сыныптан басталады, сондықтан белгілі бір кезеңнен кейін кең ауқымды дағдылардың дамуын, саралау мен интеграцияны мониторингтеу жүзеге асырылады, бұл – оқыту мен тәрбиелеу процесіне кешенді көзқарас қалыптастыруға мүмкіндік береді. Мониторинг оқушылар мен оқу процесінің күшті және әлсіз жақтарын анықтауға, сондай-ақ жақсарту мақсатында түзетулер мен өзгерістер енгізуге мүмкіндік береді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕРДІҢ ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249>
2. Біліктілікті арттыру мен қайта даярлаудың оқу орталықтарын өндірістік кәсіпорындар жанынан құруды және олардың ЖОО–лар мен колледждердің мамандар даярлауына қатысуын көздейтін дуальді білім беру жүйесінің жол картасын бекіту туралы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1400001093>
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031>
4. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700016013>
5. Гарднер Г. Структура разума: теория множественного интеллекта: Пер. с англ. — М.: ООО "И.Д. Вильямс", 2007. - 512 с: ил. - Парал. тит. англ.
6. Финляндияның Ұлттық білім беру басқармасы, 2015, 177-бет
7. Лучшие гуманитарные школы Москвы, <https://ratings.7ya.ru/schools/contest.aspx>
8. Лучших школ Европы и мира, рейтинг и список школ <https://smapse.ru/top-50-luchshih-shkol-evropy-i-mira/>
9. Топ-50 лучших школ Европы и мира, рейтинг и список школ <https://smapse.ru/top-50-luchshih-shkol-evropy-i-mira/>
10. Элитные частные школы: топ 10 самых дорогих школ <https://www.education-medelle.com/articles/elitnie-chastnie-schkoli-top-10-samikh-dorogikh-schkol.html>
11. Полина А. З. Сравнительный анализ систем общего образования в зарубежных странах: обобщение опыта изучения//Интеллигенция и мир. — 2023. — № 1. — С. 97—123. DOI: 10.46725/IW.2023.1.5

МАЗМҰНЫ

	Кіріспе	3
1	Абай ұлттық мектебін дамытудың тұжырымдамалық негіздері.	4
	Қорытынды	28
	Пайдаланылған дереккөздердің тізімі	30